

М.Қ. Мұқашева^{1*}, Ф.Ш. Оразбаева², А.М. Картаева¹¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан;²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

(E-mail: mukasheva.m77@mail.ru, f_orazbaeva@mail.ru, kartaeva2011@mail.ru)

М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша жазылым дағдыларын дамыту жолдары (Қ. Бітібаеваның технологиясы негізінде)

Мақалада тәжірибеде тиімді қолданыс тауып отырған жазба жұмысын әдіскер ұстаз Қ.О. Бітібаеваның технологиясымен оқыту мәселесі сөз етілген. Жазба жұмысын жүргізудің әдістемесі, технологиясын қарастыру — қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі. Авторлар Қ.О. Бітібаеваның «Әуезов туындыларын мектепте оқыту», «М. Әуезов шығармашылығын оқыту» еңбектеріндегі әдістемесін жан-жақты қарастыра отырып, жазылым әрекетін жүргізудегі озық тәжірибесін ұсынған. Негізгі бөлімде көлемді туынды М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша модельге негізделген шығарманы жаздырудың жолдары мен тапсырмалар түрлері құрастырылған. Тапсырмаларға сай тиімді мәтіндер жинақталынып, әр мәтіннен кейін тапсырмалар, көмек-нұсқаулар ұсынылған, оларды жүргізудің жолдары қарастырылған. Сондай-ақ авторлар өз тәжірибесінен туындаған жазылым әрекетін дамытудағы авторлық бағдарлама құрастырғанын, соның негізінде шығармашылық тапсырмаларды тиімді берудің жолдары туралы айтып өтеді. Мақаланың қорытынды бөлімінде автор жазылым тапсырмаларының тиімділігін саралай келе, күтілетін нәтижелерін көрсетеді. Дәстүрден тыс жазылым әрекетінің тың жолдарын көрсете отырып, тұлғаның өз мүмкіндігін танытуына, шығармашылық қабілетіне жол ашады деп қорытындылаған.

Кілт сөздер: жазылым, креативті ойлау, жобалау, модель, шығарма-суреттеме, монолог, роман-эпопея, шығармашылық.

Kipicne

Қазіргі таңда білім-ғылым саласы жаһандануға бет бұрып, оқытудың инновациялық технологиялары енгізіліп отыр. Еліміздің экономикасымен қатар қарқынды дамып отырған білім жүйесі жаңа ақпараттық технологиялармен қамтылып, ұлттық құндылықтарға бағдарланған білім беруді көздеуде. Әлемдік білім стандартындағы талаптарды жүзеге асыру үшін бүгінгі оқу орындары жаңартылған бағдарламамен жаңа форматта жұмыс жасауда. Білім — адамзаттың байлығы, жарқын болашағының негізі. Еліміздің болашағы білімді, саналы, салауатты ұрпағының қолында, сондықтан да жас ұрпаққа сапалы білім мен рухани тәрбие тағылымын беру — әр білім ордасының мақсат, міндеті, ал бұл педагогтерден аса жауапкершілікті талап етеді. Себебі білім нәрімен сусындап өскен елдің ертеңі нық, сенімді болары анық.

Қазіргі ақпараттанған заманда жас ұрпақты рухани сауатсыздықтан сақтандыру — өзекті мәселе, сондықтан да оқу-тәрбие саласында халқымыздың ұлттық педагогикасына назар аударылуда. Ұлтымыздың рухани-мәдени тағылымы арқылы тұлғаның құндылықтарын жетілдіру — әр заманның сұранысы. Президентіміз Қ.-Ж.К. Тоқаевтың «XXI ғасырдағы Қазақстан» мақаласында: «Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғарғы дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс», — дегендей [1; 3], ұлт болашағы үшін ұлттық құндылықтарымыздың маңыздылығын дәріптей түседі. Ұлы Абай мұрасы, «Абай жолы» арқылы қазіргі жас өскінді тәрбиелеу керектігіне ой салады. Осы орайда М. Әуезовтің мұрасын бүгінгі оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану, сол арқылы тұлғаны тәрбиелеу — кезек күттірмейтін тың мәселе. Бүгінге әлем жұртшылығына танымал туындылардың қатарынан табылған М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту, оны жүргізудің тың әдістемесінен іздену аса жауапкершілікті, ізденісті талап етуде. Ал қазіргі ұрпақтың М. Әуезовтің мұрасын қаншалықты меңгеріп, жетік білетіндігі тікелей оқытып отырған білім ордалары мен педагогтерге байланысты болмақ. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыту туралы

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: mukasheva.m77@mail.ru

әдістемелік зерттеу еңбектері Ә. Қоңыратбаев, А. Көшімбаев, Т. Ақшолақов, Т. Жұмажанова, Ә. Дайырова, С. Тілешова, С. Мақырұлы, Б. Сманов, А. Тамаев т.б. әдіскерлерде жан-жақты зерделенген. Осы орайда, әдіскер ғалым Қ.О. Бітібаеваның М. Әуезов туындыларын оқытудағы әдістемесі, ғылыми еңбектерінің құндылығын ерекше айтуға болады.

Қ.О. Бітібаева — қазақ педагогикасында әдебиетті оқыту әдістемесінің, соның ішінде әдебиетті тереңдетіп оқытудың бағдарламасын жасап, Абай, М. Әуезовті тұтастай оқытудың әдістемесін қалыптастырған ұстаз. «Көркем сөздің пірі, заманымыздың кемеңгер жазушысы, дана ойшыл, ғұлама ғалым, әлем әдебиетінің алыбы, қазақ әдебиетінің «екінші Абайы», М. Әуезов шығармашылығы туралы сөз қозғау осынау «зерек те ерен» талант иесінің асыл мұрасын бағдарламаларға санаулы сабақтар ішінде оқушыларға жеткізудің әрі күрделі, әрі маңызды мәселе екені мұғалімдер қауымына ежелден-ақ таныс. Әлемге танылып кеткен Әуезов үнін, Әуезов шеберлігін бар табиғи қалпымен, бар бітім-болмысымен оқушы жүрегіне, санасына жеткізу терең ойлы ізденісті, шеберлікті қажет етеді», — деген Қ.О. Бітібаева [2; 3], «Мектепте М. Әуезов туындыларын қалай оқытып келеміз?» дей келе, оны жүргізудің күрделі мәселе екендігін атап көрсетіп, тұтастай оқытудың тың жолдарын ұсына отырып, мұғалімнен ізденісті, шеберлікті талап етеді. Қазіргі таңда әдіскер ұстаздың Абай шығармашылығын, М. Әуезов туындыларын оқыту туралы іргелі зерттеулері еліміздің ұстаздар қауымының бағдаршамындай, оқу-тәрбие үрдісінде ұстаздың ұлы мұралар жайлы зерттеулері темірқазыққа айналып отыр. М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту — заман озған сайын әлі де шешімін табуды қажет етіп отырған өзекті мәселе.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге негіз болған өзекті мәселелер бойынша әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік еңбектерді теориялық тұрғыдан талдау; Бітібаева Қанипа Омарғалиқызының «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» [3], «М. Әуезов шығармашылығын оқыту» [2], «М. Әуезов туындыларын мектепте оқыту» [4], «Әдебиетті оқыту әдістемесі» [5] атты ғылыми еңбектері қарастырылып, талдау; желілік ақпараттарды сайттардан жинақтап, өңдеу, сұрыптау; деректер мен ақпараттарды топтау, салыстыра отырып талдау, нәтижелер т.б. әдістер қолданыс алды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазір еліміздегі білім бағдарламасында қоғамда қажетті деп танылған тілдік дағдыларды дамыту көзделуде. Тұлғаның ішкі қасиетін ашуда, алған білімін күнделікті өмірдің кез келген сәтінде қолдана алуға, сыни ойлауға, шығармашылық әрекеттерге жетелеуде педагогтер тарапынан ізденістер жасалынууда. Білімді құндылықтарға бағдарлай отырып, жеке тұлғаның жан-жақты мүмкіндігін ашу үшін тілдік дағдылардың қызметін ұйымдастыру озық технологияны талап етуде. Әсіресе, тілдік дағдылардың ішіндегі аса салмақтысы әрі өзге дағдыларды тоғыстырып тұратын жазылым дағдысын жүргізудің тың жолдарын ұсынып отырмыз. Осы орайда Қ.О. Бітібаеваның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясы бойынша М.О. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы негізінде жазылым дағдысына арналған бағдарлама жасалынып, тапсырмалар жүйесі құрастырылды. Мақсаты: Қ.О. Бітібаеваның технологиясымен жазылым әрекетін жүргізудің инновациялық жолын, әдістемесін жасау.

Міндеттері:

- жеке тұлғаның оқырмандық қабілетін арттыру, ұлттық мәдениет пен әдебиеттегі дәстүр сабақтастығын түсінуге жетелеу;
- көркем мәтінді қабылдау, түйсіну, сезіну, ой қорыту сынды әрекеттерге бейімдеу;
- зерттеу жұмыстарына жетелеу, шығармашылық ізденістеріне жол ашу;
- әр түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс жасауға баулу;
- креативті ойлауға, сыни ойлауға жетелейтін тапсырмалармен жұмыс жасау жолдары;
- аудиовизуалды материалдарды тыңдап, кері байланыс жасауға, жазба жұмысының түрлеріне төселтіру;
- оқыту ортасын құруға, сол ортада өзін-өзі таныта білуге, өзгелерді құрметтеу сынды топтық ортаны құру;
- оқушылардың әлеуметтік, психологиялық жай-күйін бақылау, анықтау.

Дәстүрлі оқыту кезеңінен бері жазба жұмыстарын жүргізудің әдістемесі туралы ғалымдар тарапынан зерттеулер жинақталынған. Қазіргі оқыту бағдарламасында да жазылым дағдысының қызметі зор. Тұлғаның ауызша, жазбаша сөйлеу тілін жетілдіруде, шығармашылық қабілеттерін дамытуда жазылым дағдысының күрделі әрі басты қызметте орын алатыны белгілі. Сауатты ойлау, сауатты жа-

зу үшін күнделікті тәжірибеде алған білімдерін өмірмен ұштастыру үшін жазылым дағдысын тиімді ұйымдастырудың тың жолдарына жүгінеміз. Жазылым — оқушының ішкі мүмкіндіктеріне, креативті ойлауға жетелейтін, шығармашылық қабілетіне жол ашатын дағды. Жазылым дағдысын жетік меңгергенде функционалды сауатты, өз-өзіне сенімді, кез келген жерде өз білімін көрсете алатын тұлға қалыптасады.

Жаңартылған оқыту жүйесінде де жазылым дағдысын жүргізудің тың әдістемесіне, инновациялық технологиясына талап қойылған. Әдіскер-ғалымдар зерттеулеріне жүгінсек, жазба жұмыстары туралы отандық әдіскерлер Е. Көшербаев, И. Ұйықбаев, Ә. Дайырова, Е. Дайрабаев, Б. Катембаева, Х. Арғынов, Б. Құлмағанбетова және шетелдік әдіскерлер А.В. Текучев, Г.Н. Приступа, Ф.Н. Буслаев, Н. Ладыженская т.б. зерттеулері жинақталған. Тұлғаның танымдық, шығармашылық қабілетін жетілдіруде күрделі басымдық танытқан жазылым туралы әдіскер-ғалым Б. Жұмақасева: «Жазбаша сөйлеу — коммуникативті-шығармашылық әрекеттің бір түрі. Оқушылардың тұлғалық жетілуіне ықпал ететін, шығармашылық қалыптасуына жағдай жасайтын осы жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту әдебиет пәнінің басты мақсат-міндеттерінің бірі...», — деп атап көрсетеді [6; 238]. Яғни, тұлғаның тілдік коммуникативтік дағдысын ауызша да, жазбаша да жеткізу мүмкіндігін ашуда жазба жұмыстарының тиімділігін, әсіресе шығармашылыққа жетелеудің көзі екендігіне назар аудартады. Алайда, жазылым дағдысын ұйымдастыруда педагогтің де шеберлігі талап етіледі. Жазба жұмысына қойылатын талаптарды, оның түрлерін, әдістемесін меңгермейінше, түпкілікті нәтижеге жету оңай болмайды.

Әдіскер-ұстаз Қ.О. Бітібаева жазба жұмысын жаздырудың инновациялық технологиясын, әдістемесін қалыптастырды. Оның «Ой тастау, ойланту, ойлау» технологиясының пәлсафасы, педагогикалық концепциясы мен ұстанымы Сократтың «Исследуем» қағидасынан туындайды. Ұстаз пәлсафасы «өзін-өзі», «бірін-бірі» оқытуға, еркіндікке, ұлы Абайдың «Алланы сүй, Адамды сүй, Хал жолы деп, әділетті сүй» деген гуманизмге құрылған. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты еңбегінде жазба жұмыстарының тәжірибеде көп қолданылатынын, ең бастысы оқу үрдісінде маңызы басым екендігін атап көрсетеді. Жазба жұмыстарының ішіндегі күрделісі деп шығармаға тоқталады, оның талаптары мен түрлеріне ерекше талдау жасайды. Қ.О. Бітібаева: «Мектептегі ең көп тараған, тәжірибеде жиі пайдаланатын жазба жұмыстардың ішінде күрделісі де, ең маңыздысы да шығарма жұмыстары болып табылады. «Шығарма» деген сөздің негізінде «шығару» деген ұғым жатады (яғни, ойдан шығару, ойлап шығару)» [7; 238]. Әдіскер-ұстаздың зерделеуіне сүйенсек, тұлғаның шығармашылық, танымдық қабілетін ашуда жазба жұмысының күре тамыры шығарма екендігін негіздейді, сондай-ақ шығарма жаздырудың мақсаттарын жіктеп көрсетеді. Бұл тіл ұстарту, тіл дамыту жұмыстарында көрініс тапқанымен, оқушының білім сапасының ғана емес, жеке басының ішкі мүмкіндігін, дарын көзін ашуға негіз болады. Тұлғаның өз білімін көрсетуіне, мүмкіндігін танытуына, қабылдауы, ой-қиялы, тіл шеберлігі сынды жан-жақты қабілетін көрсетуіне тиімді.

Шығарма — мектептегі жазба жұмысының ішінде кеңінен тараған әрі шығармашылық жұмыстың жемісі. Оқушының тәжірибеде алған білімін шығармашылық қабілетімен ұштастыра отырып, жеткізе білу шеберлігін талап еткен жеке жұмысы. Шығарманың сәтті болуы, мақсатқа жетуі үшін тақырып пен мәтінге ерекше көңіл бөлген дұрыс. Әдіскер-ғалым Т. Ақшолақовтың: «Шығарма шаңырағы сөз арқылы көтеріледі», — деген пікірі көркем мәтіннің шығармадағы маңызын дәлелдейді [8; 4]. Яғни, шығарманың мәтіні оқушының қиялына, шығармашылық ойлауына түрткі болатындай ұсынылғаны тиімді. Көркем сөздің қуатын жандандыра отырып, шығарманың реңін келтірудің өзі, ой мен сөзді бір арнаға тоғыстырып, ең бастысы сыни көзқарасын таныту, өз ойы, пайымдауы, қорытындысы бар шығармашыл тұлғаны қалыптастыру — қазіргі күннің талабы.

«Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын, лайықты, дұрыс, таза орнын тапқыза білудің қаншалықты қиын екені де түсінікті. Бұл мәселелер — бүгінгі замандағы білім беру ісінің күретауы», — дейді Қ.О. Бітібаева [9; 3]. Яғни, шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда ұстаздарға да аса жауапкершіліктің жүктеліп отырғанын атап көрсетеді. Тұлғаның өзін-өзі тануына, өз мүмкіндігін пайдаланып, өзінің қабілетін ашуына негіз болатын ұстаздарға әр оқушының қабілетін, талантын ашуда шеберлік, шығармашылық ізденіс қажеттігі талап етілуде.

Төменде өз іс-тәжірибемізден туындаған жазба жұмысының түрінен тапсырмалар ұсынып отырмыз.


Тапсырма: Шығарма-суреттеме (Модельге негізделген).

Жүру барысы:

I кезең. «Бала Абаймен ауылға...» модель, макет, графика құру (1-кесте).

Ескерту: «Абай жолы» («Қайтқанда») роман-эпопеясы бойынша бала шәкірттің Қорықтан шығып, еліне жеткенге дейінгі аралықтағы елді, мекендерді сипаттап, макет, карта, графика (өз қалауымен) түсіру.

1 кесте



1-сурет. Модельге негізделген шығарма-суреттеме

II кезең. «Өнер сайысы» шығармашылық жұмыс (2-кесте).

Ескерту: Оқушылар өзі қалаған елді, мекендерді өз қиялына, шығармашылық ойлау қабілетіне ерік бере отырып, сипаттап жазу. Мәтіннің түпнұсқасынан ашақтамай, негізгі сипатын сақтап жазу.

2 кесте

Қаламгер жазғаны М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясының «Қайтқанда» бөлімі	Өз жазғаным
Көлқайнар Есембай-Найзатас Буратиген Тақырбұлақ	

Мәтін үлгісі

«Күн ұзын аттан түспей, өзге жүргінішілерден оқ бойы алда отырған. Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады...

Ал «Қарауыл биігі анау, жасырын жырасы мынау» деген Есембай-Найзатастар болса, ол Абайдың өз аулының аса мәлім қоныстары. Көктем мен күз уақыттарында, жылына екі рет осы жерлерге Құнанбай ауылдары келіп қонып, ұзақ уақыт отырып, жайлап кететін. Анай көрініп тұрған төскейдің сай-саласы, бие бауы, ауыл-қонысы, қой өрісі — барлығы соншалық таныс, жақын» [10; 7].

III кезең. «Ұлылар үндестігі». «Абай дәстүрі Әуезов мұрасында» (3 кесте).

3 кесте

Абай Құнанбаев «Жазғұтырым» өлеңі	М.Әуезов «Абай жолы»

IV кезең. Бағалау, қорытындылау кезеңі.

3. Оқу, талдау, бағалау жұмыстары шығарма-суреттеме тапсырмасы аяқталған соң жүргізіледі.

Төмендегі мәселелерді ескеру ұсынылады:

- Мәтіндегі суреттемелер дұрыс қолданыс тапқан ба?
- Суреттеме жазудағы шығармашылық қабілетін көрсете алды ма?
- Суреттемелер мен түпнұсқаның үндестігі байқалды ма?
- Тапсырма оқушының өзіндік ойы, ізденісімен толықтырылған ба?
- Сауаттылығы, жазу мәдениеттілігі сақталынған ба?

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар қазақ тілінен алған теориялық білімін тәжірибеде қолдануға төселеді;
- көркем мәтінді оқуға, дұрыс талдай білуге дағдыланады;
- жазылым дағдысы қалыптасады;
- функционалды сауаттылығы артады;
- шығармашылық жұмыстарға төселеді;
- «Абай жолы» эпопеясын оқуға деген қызығушылықтары артады.

Қорытындылай келе, жазба жұмысының бұл түрі тұлғаның өз мүмкіндігін, шығармашылық ойлауын танытуға жол ашады. Дәстүрден тыс жүргізіліп отырған жазылым әрекеті оқушының жеке ізденісіне, білімді өз еркімен қолдануының негізін қалайды. Ең бастысы, жазылым әрекетіне төселеді, тұлғаның ой еркіндігіне, ауызша, жазбаша сөйлеу тілінің дамуына түрткі болады. Тапсырмада жаттандылық, бірізділік талаптары байқалмайды, керісінше жеке тұлғаның ішкі мүмкіндігінің ашылуына, креативті ойлау, шығармашылық қабілетін танытуға ықпалы зор. Сондай-ақ, көлемді туынды «Абай жолы» роман-эпопеясын оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастырады. Шығарма еркін әрі тың тақырыпта беріліп отыр, сондықтан да оны орындау барысында да тың ізденістердің шығатыны анық. Ұсынылып отырған мәтінді жетік білген оқушыға жазылым әрекетін орындау қиындық туғызбайды. Ең бастысы, тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі таныту сынды ішкі мүмкіндіктерін жетілдіріп, дамыту үшін модельге негізделген шығарма-суреттеменің маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тоқаев Қ.-Ж.К. Қазақстан халқына Жолдауы / Қ.-Ж.К. Тоқаев // «Егемен Қазақстан» газеті, 2020.
- 2 Бітібаева Қ.О. М. Әуезов шығармашылығын оқыту / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. — 94 б.
- 3 Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Рауан, 2009. — 200 б.
- 4 Бітібаева Қ.О. М.Әуезов туындыларын мектепте оқыту / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Мектеп, 2002. — 120 б.
- 5 Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Рауан, 1997. — 288 б.
- 6 Жұмақасова Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі / Б.Д. Жұмақасова. — Алматы: Қыздар университеті, 2015. — 242 б.
- 7 Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Рауан, 1997. — 288 б.
- 8 Ақшопбаев Т. Көркем шығармаға талдау жасау / Т.Ақшопбаев. — Алматы: Мектеп, 1983. — 192 б.
- 9 Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы / Қ.О. Бітібаева. — Алматы: Мектеп, 2003. — 336 б.
- 10 Әуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопея / М.О.Әуезов. — Алматы: Жазушы, 2007. — 384 б.

М.К. Мукашева, Ф.Ш. Оразбаева, А.М. Картаева

Способы развития навыка письма на основе романа-эпопеи М.Ауэзова «Путь Абая»

Методика преподавания по новой технологии К.О. Битибаевой

В статье рассмотрены проблемы изучения навыка письма на основе романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая» по технологии методиста Битибаевой Канипы Омаргалиевны. Рассмотрение методов и инновационных технологий обучения роману-эпопее М. Ауэзова «Путь Абая» является актуальным вопросом в современной образовательной системе. Подробно рассмотрена методика Канипы Битибаевой в

работах «Обучение произведениям Ауэзова в школе», «Обучение произведениям М. Ауэзова». В основной части работы рассмотрены различные виды заданий по изучению романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая», направленные на сопоставление ценностей национальной культуры и мировой культуры. Предложены разнообразные задания, которые приводят к умению свободно выражать свои мысли, критические взгляды посредством письменной деятельности. Продемонстрированы виды творческих письменных заданий, которые приводят к формированию умений писать текст в разных жанрах, планировать по тексту, проявлять творческие способности, выражая критический взгляд. Показаны новые способы обучения навыкам письма на основе романа-эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая» по технологии К. Битибайевой. В заключительной части статьи автор, проанализировав эффективность письменных заданий, предложенных на основе романа-эпопеи «Путь Абая», показывает ожидаемые результаты.

Ключевые слова: сочинение, творческое мышление, замысел, модель, произведение-иллюстрация, монолог, роман-эпопея, творчество.

M.K. Mukasheva, F.Sh. Orazbaeva, A.M. Kartaeva

The development of writing activity based on the epic novel by M.Auezov «The Way of Abai» (K. Bitibayeva's method of teaching with the help of new technologies)

The article is devoted to the study of written works based on the epic novel by M. Auezov "The Way of Abai" according to the technology of the methodologist Bitibayeva Kanipa Omargaliyevna. Consideration of methods and innovative technologies for teaching the epic novel by M. Auezov "The Way of Abai" is a topical issue in the modern educational system. The methodology of Kanipa Bitibayeva is considered in detail in the works "Teaching Auezov's works at school", "Teaching M. Auezov's works". In the main part of the epic novel by M. Auezov "The Way of Abai" to understand the student through a comparison of the values of national culture and world culture; There are various tasks that lead to the ability to freely express one's thoughts, critical views through written activity. Effective texts are collected in accordance with the tasks set, ways and methods of their implementation are presented. New ways of teaching writing the epic novel by M. Auezov "The Way of Abai" using the technology of K. Bitibayeva are shown. In the final part of the article, the author analyzes the effectiveness of the written assignments proposed by M. Auezov based on the epic novel "The Way of Abai" and shows the expected results. It is concluded that a person learns such activities as self-learning, self-knowledge, search, discovery, use, functional literacy, the ability to raise the acquired knowledge to a creative level through their own research.

Keywords: essay, creative thinking, idea, model, illustration, monologue, epic novel, creativity

References

- 1 Toqayev, Q.-Zh.K. (2020). Qazaqstan khalkyna Zholdauy [Address to the people of Kazakhstan]. *Egemen Qazaqstan* [in Kazakh].
- 2 Bitibayeva, Q.O. (1994). M. Ayezov shygarmashylygyn oqytu [Teaching M. Auezov's creativity]. Almaty: Respublikalyq baspa kabineti [in Kazakh].
- 3 Bitibayeva, Q.O. (2009). Adebiet panin oqytudyn tiimdi zholdary [Effective ways of teaching literature]. Almaty: Rayan [in Kazakh].
- 4 Bitibayeva, Q.O. (2002). M. Ayezov tuyndylaryn mektepte oqytu [Teaching Mukhtar Auezov's works at school]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 5 Bitibayeva, Q.O. (1997). Adebietti oqytu adistemesi [Methods of teaching literature]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 6 Zhumaqayeva, B.D. (2015). Qazaq adebiyatin oqytu adistemesi [Methods of teaching Kazakh Literature]. Almaty: Qyzdar unibersiteti [in Kazakh].
- 7 Bitibayeva, Q.O. (1997). Adebietti oqytu adistemesi [Methods of teaching Literature]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 8 Aqsholaqov, T. (1983). Korkem shygarmaga taldau zhasau [Analysis of a work of art]. Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 9 Bitibayeva, Q.O. (2019). Adebietti oqytudyn inovatsialyq adistemesi, tekhnologiasy [Innovative methods and technologies of teaching of literature]. Almaty: Qazaq unibersiteti [in Kazakhstan].
- 10 Auezov, M.O. (2007). Abai zholy roman-epopeyasyny [Novel-epic "the way of Abai"]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].